

**Музыка және өнер мектептерінің халық аспаптар бөлімінің
4-5 сынып домбырашылары мен дәстүрлі әншілер
оқушылары арасындағы этносольфеджио және қазақ музыка әдебиеті
пәндері бойынша аймақтық олимпиада
ЕРЕЖЕСІ**

2025 жылдың 13 ақпанындағы «Астана қаласы бойынша олимпиадалар мен конкурстардың (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін бекіту туралы» № 275 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылуда.

Өтетін орны: Астана қ., №1 Балалар музыка мектебі.

Өтетін күні мен уақыты: 26 ақпан 2026 ж , сағ. 9.00-де басталады. Этносольфеджио (домбыра) 213/1-кабинет, этносольфеджио (дәстүрлі ән) 213/2-кабинет, қазақ музыка әдебиеті 112-кабинет.

Ұйымдастырушылар: Астана қаласы әкімдігінің Білім басқармасы, әдістемелік орталық, «№1 балалар музыка мектебі» ШЖҚ МКК

Мақсаты: қазақтың дәстүрлі өнеріне деген сүйіспеншілікті дамыту, сақтап қалу және әрі қарай дамыту, жалпы дәстүрлі мәдениетті қалыптастыру.

Міндеті:

- оқушылардың ойлау, есту, есте сақтау және импровизация жасау қабілетін дамыту;
- оқушыларды аңыз күйлері және халық әндерінің мазмұнымен таныстыру. Оқушының шығармашылық ойлау қабілетін ашу;
- музыка теориясы педагогтарының этносольфеджио және қазақ музыка әдебиеті пәндері бойынша кәсіби деңгейде педагогикалық тәжірибе алмасуы.

Олимпиада екі номинация бойынша өткізіледі:

- ЭТНОСОЛЬФЕДЖИО
- ҚАЗАҚ МУЗЫКА ӘДЕБИЕТІ

Өткізу шарттары: Олимпиадаға халық аспаптар бөлімінің 4-5 сынып домбырашылары және дәстүрлі әншілер оқушылары қатыса алады.

Олимпиадаға қатысу үшін 2026 жылғы 16 ақпан дейін zayavkidmsh1@mail.ru электронды мекен-жайға төмендегі құжаттарды жіберу:

- Үлгі бойынша өтінім;
- Туу туралы куәлік көшірмесі;
- Төлем түбіртегі.

Оқушы бір ғана номинацияға қатыса алады.

ЭТНОСОЛЬФЕДЖИО ТАЛАПТАРЫ:

Домбырашыларға қойылатын талаптар:

I тур: Жазбаша жұмыс. Диктант ауызша және жазбаша бөлімдерден тұрады. Төкпе стиліндегі күй үзіндісін (негізгі немесе орта буын) қатысушылар алдымен 3 мәрте тыңдайды, соны домбырада қайталап ойнайды. Жазбаша жұмыста дәл сол үзіндіні хатқа түсіреді:

☐ ☐ Ауызша диктант – күй үзіндісі 3 рет тыңдалып, домбырамен жатқа орындалады;

☐ ☐ Жазбаша диктант (4-5 мәрте тыңдайды. Нотамен екі дауыста жазып, өлшемін, тональдігін, ырғақ үлгісін анықтау, қағыстарды көрсету);

☐ ☐ Диктант талдауы бойынша жазбаша сұрақтарға жауап беру (күйдің стилін, формасын, қағыс түрін анықтау: алма-кезек, орама, біркелкі, ілме қағыс, адай қағыс, ППВП).

Жұмысты орындау уақыты – 45 минут:

Ауызша диктант – 3 мәрте тыңдалады

Диктант – 4-5 мәрте тыңдалады.

II тур: Ауызша жұмыс. Ноталық үлгілерді парақтан мәтінмен орындау.
/10 ән беріледі/

☐ Ғұрыптық және тұрмыс-салт әндер (7-8 буынды әндер)

☐ Халықтық ән өнері (11 буынды қара өлең)

☐ Ауызша-кәсіби ән өнері (Батыс, Жетісу, Арқа)

Г.Омарова.Этносольфеджио.Ноталық оқулығы.

1.Бесік жыры №4

2. Тойбастар №71

3. Жарапазан №90

4. Қара көзім №105

5. Құрбым-ай №107

6. Замандас №110

7. Сәулем-ай №117

8. Балқадиша №128

9. Қалқа №139

10. Сүгірдің термесі №143

III тур: Шығармашылық жұмыс. Берілген күй тақырыбына импровизация. Бұл тапсырманы орындау үшін қатысушыларға күй тақырыбы (негізгі буын) ұсынылады. Байқауға қатысушы домбыра өнерінің дәстүрлі канондары бойынша өз импровизациясын жасап, орындауы керек. Қатысушы қалауына қарай өз күйінің атауын қойса болады.

Дәстүрлі әншілерге қойылатын талаптар:

I тур: Жазбаша жұмыс. Диктант қара өлеңнен үзінді (қайырмасы):

☐ ☐ Жазбаша диктант (8 рет тыңдалады. Әннің мәтіні, өлшемі, такт саны, тональдігі дайын түрде беріледі. Қатысушы әннің нотасын ұзақтықтарымен қойып шығуы керек);

☐ ☐ Диктант талдауы бойынша жазбаша сұрақтарға жауап беру (әннің жанрын, өлең құрылымын, диапазонын анықтау)

Жұмысты орындау уақыты – 35 минут: Диктант – 8 рет тыңдалады.

II тур: Ауызша жұмыс. Ноталық үлгілерді парақтан мәтінмен орындау./10 ән беріледі/

- Ғұрыптық және тұрмыс-салт әндер (7-8 буынды әндер)
- Халықтық ән өнері (11 буынды қара өлең)
- Ауызша-кәсіби ән өнері (Батыс, Жетісу, Арқа)

Г.Омарова. Этносольфеджио. Ноталық оқулығы.

- 1.Бесік жыры №4
2. Тойбастар №71
3. Жарапазан №90
4. Қара көзім №105
5. Құрбым-ай №107
6. Замандас №110
7. Сәулем-ай №117
8. Балқадиша №128
9. Қалқа №139
- 10.Сүгірдің термесі №143

III тур:Шығармашылық жұмыс. Әнді аяқтап, шығару.

Бұл тапсырманы орындау үшін қатысушыға қара өлең жанрындағы әннің әуені мен 1-ші және 2-ші жол сөздері бар 4 жолды шумақ беріледі, қатысушы 3-4 жолдың сөздерін шығарып, домбыра сүйемелдеуімен әнді орындауы керек. Оған қоса әннің қайырмасын шығарған жағдайда қосымша ұпай алу мүмкіндігі бар.

Кезең тапсырмасын орындау уақыты 30 минуттан аспайды.

Бағалау критерийлері. Жұмыстың барлық түрлері он баллдық шкала бойынша бағаланады. Қазылар алқасының қалауы бойынша қосымша ұпайларды алуға болады.

Этносольфеджио бойынша **диктант** келесі параметрлер арқылы бағаланады:

- Ауызша диктантты бірінші тыңдаудан кейін дәл қайталау үшін - 10 ұпай, екінші тыңдаудан кейін орындау үшін- 9 ұпай, үш тыңдаудан кейін - 8 ұпай.
- Жазбаша диктант - диктантты сауатты және дұрыс жазу;
- Жазу уақыты (жұмысты аз уақытта аяқтаған жағдайда қосымша ұпай алуға болады)
- Күйді талдау бойынша сұрақтарға дұрыс жауаптар (әрбір дұрыс жауап үшін бір балл беріледі)

Ноталық үлгілерді мәтінмен орындау келесі параметрлер бойынша бағаланады:

- 1.Орындау дәлдігі;
- 2.Әртістік, музыкалық қабілеті
- 3.Қосымша ұпайлар: домбырамен интонациялау.

Импровизация

1. Оқушының дәстүрлі күй формасын меңгеру деңгейі;
2. Оқушының шығармашылық батылдығы;

3. Аймақтық және жергілікті дәстүрлердің ерекшеліктерін пайдалану / стереотиптік ладоинтонациялық айналымдар, ритмоформулар, қағыстар, аппликатуранық штрихтар/;

4. Шығарма құрылымының толықтығы.

ҚАЗАҚ МУЗЫКА ӘДЕБИЕТІ ТАЛАПТАРЫ:

I тур: Жазбаша жұмыс. Бағдарламалық музыка.

1. **Домбырашыларға** белгілі бір күй аңызының бастапқы бөлімі баяндалады, күй тыңдалады. Ал оқушылар сол баяндалған күй аңызын өздігімен аяқтауы керек. Мәтін көлемі 100-150 сөз. Оқушы тапсырманы орындау барысында оқиға желісін өз қиялында өрбітуі керек. Оқиға желісін дамыту барысында жаңа кейіпкер енгізуге болады, оқиғаны қайғылы немесе бақытты аяқтау да оқушының өз еркінде. Бұл жұмыс түрін бағалауда оқушы қиялының жүйріктігі, тапқырлығы, шығармашылық батылдығына назар аударылады. Сондай-ақ кейіпкерлер образдарының ашылу деңгейі, оқиға желісінің қисындылығы, оқушылардың өз ойын жазбаша жеткізу шеберлігі де ескеріледі.

Мысал: Халық күйі “Бегім бер”.

Тоғайда бір жалғыз кемпір тұрады екен. Ол кемпір күзде бегім деп аталатын жабайы алмұртты жинап, кептіріп, қыста соны қорек ететін көрінеді. Бірде кемпірдің жинап қойған бірнеше қап жемісін қарақшылар алып қаша жөнеледі. Кемпір болса қарақшылардың соңынан “Ойбай, бегім бер” деп ақсаңдай басып жүгіреді. Сондағы кемпірдің “ойбай, бегім берлеп” айқайлап жүгіргенін күйші былайша суреттеген екен. (Сыбызғыдағы күйді тыңдаймыз)

Оқушы жоғарыдағы оқиғаны былайша жалғастырса болады (мысал):
Әлгі кемпір жәй ғана кемпір емес, мыстан кемпір екен. Бұзақыларға жете алмасын білген кемпір аузындағы бір тісін жұлып алып қарақшыларға қарай лақтырады. Оның тісі ұзын сұр жыланға айналып, қарақшыларды құйрығымен әп сәтте орап алады. Кемпірдің қарақшы екен деп қуып жеткені, қарақшы емес, елінен адасып қалған ағайынды екі қойшы бала екен. Сұр жылан аузын апандай етіп ашып, балаларды жұтайын деп жатқанда қойшы балалардың бірі: -шешей, бізді қоя бер. Біз екеуміз елімізден адасып қалған қойшылармыз. Біз мал айдап жүргенде қатты дауыл тұрып, қойларымыз жан-жаққа қашты. Бір бөлігі ит-құсқа жем болса, тағы бір бөлігі тоғайға сіңіп, жоқ болды. Біз де солардың соңынан осы тоғайға кіріп, бірнеше күннен бері сенделіп жүрміз. Сенің алмұртыңды қарнымыз ашқан соң амалсыздан ұрладық, - дейді. Кемпір әлгі жігіттің қоржынынан шошайып шығып тұрған сыбызғысын байқап, - сен, балам, күйші секілдісің. Кәні, отыр да маған күй шал. Қалғанын кейін көрерміз, -дейді. Бозбала сыбызғысын қолына алып, тылсымға толы сыбызғыдағы сиқырлы күйлерін тарта жөнеледі. Баланың тартқан күйін ұнатқан кемпірдің сәт сайын жүзі жылып, әуенге бойы балқит түседі. Кемпірдің “Ойбай, бегім берге” салып соңдарынан қуғанын күйші бала күй ғып тартқанда, кемпір ішек-сілесі қатып бір күліп алады. Қойшының өнеріне риза болған кемпір балалардың тоғайға еніп, шашырап кеткен қойларын жинап береді. Бөріге жем болған қойларыңның орнына деп баланың қоржынына ат

басындай алтын салады. Мыстан кемпір балалардың қарнын тойдырып, елдеріне қарай жолын сілтеп шығарып салады.

2.Әншілер белгілі халық әндері немесе авторлық әндердің бір үлгісін тыңдайды. Сол әннің шығуы жайында оқиға құрастыруы керек. Жұмысты бағалау критерийлері алдыңғы ұсыныстағымен бірдей.

Мысал: Халық әні “Көзіңнің мөлдірін-ай”. (оқушылар әнді 1-2 мәрте тыңдайды). Әннің шығуы жайындағы оқиға құрастырады. Мысалы:

Едігенің ауылы биыл жаз шыға жайлауға қарай көш түзеді. Бірақ алдыңғы жылғы құрылтайдағы жарлыққа сәйкес, Едігенің ауылы биыл жылдағы қонатын Құмсайға емес, одан әріректегі Айрық төбенің етегіне барып отыратын болды. Ат құрықтап, тай үйретуді ермек қылған Едігедей боз балаларға ауылдың қайда көшіп, қайда қонатыны назар аударарлық жайт болып жатқан емес. Ел жайылауына орналасқан соң жаңа қонысты қызықтап жүрген Едіге жылқыны суға бұрады. Су басында жылғадан су алып жатқан бір топ қызды көреді. Алып жатқан суын лайлатып суға жылқы құлатқан бейтаныс жігітке ашуланған қыздар Едігені “жылқыңа ие бола алмайтын неғылған алаңғасар жылқышы едің” - деп сөге бастайды. “Су маңында ауыл бар екенін білмейтін едім, бұл қоныс маған таныс емес. Айыптымын, қыздар. Айыбыма сіздердей сұлуларға арнап бір ән салып берер ем” - дейді. Жігіттің сыпайы сөзінен соң қыздардың күңкілдеуі басылады. Сонда қыздардың арасындағы Балдай есімді өжет қыз: жігітім, оңай құтылдым ау деме. Әу дегеннің бәрін әнші дейтін талғамсыз құрбың біз емес. Ертең, ауылдың үлкендері түгел Азнабайдың асына кетеді. Ауылда бастаңғы болады. Қандай әнші екеніңді сол жерде көрейік” - деп, жігітке қыр көрсетеді. Балдай қыздың саңқылдаған даусы Едігенің көңілін ғашықтық дертіне шалдықтырады. Бейтаныс ауылға барып ән айтуға жүрегі шайлықса да, Балдайды тағы бір көруге ынтық болған боз бала бастаңғыдан қалмауға бел буады. Сол кеште Балдай Едігені айтысқа шақырып, жігітті тағы бір әуре қылады. Балдайдың өзін айтысқа шақырғанынан Едіге қыздың өзіне ыңғай білдіргенін байқап, айтыста батыл сөйлейді. Сол кештен бастап ауылдың жастары Едігенің жылқы суаратын мезгілі Балдайдың суға баратын сәтіне тұспа-тұс келе беретіні жайында әзілдеп жүретінді шығарады. Екі жыл бұрынғы жұттан әлі оңала қоймаған ауылдың жайын ойлап, Едіге Балдайдың ауылына құда аттандыруға бата алмайды. Ел күзеуге көшерде Едіге Балдайға тағы бір жолығып, келер жылдың жазында отау құруға сөз байласып, уәде береді. Сол жылы күзеуді бетке алған ауылдың жылқысын айдаушы жігіттердің ішіндегі Едігенің көңілі алабұртып, қызды ауылға қарай елеңдей берді. Сол жылы қыс қыстауда Едігенің құрбысын аңсап салған әні халық арасында тез тарап, көктем шықпай Балдайдың да құлағына жеткен еді.

Жұмысты орындау уақыты – 30 минут

II. Музыкалық викторина. Осы тізімдегі 20 номер орындалады.

Құрманғазы күйлері: 1.Ақсақ киік; 2.Алатау; 3.Аман бол шешем, аман бол; 4. Байжұма; 5.Бозшолақ (1-түрі); 6.Көбік шашқан; 7. Кішкентай;

Тәттімбеттің күйлері: 8.Азаматқожа; 9.Бестөре (2-түрі); 10.Көкейкесті; 11. Саржайлау(2-түрі); 12.Сылқылдақ; 13.Секіртпе; 14.Қосбасар(5-түрі);

Қазанғаптың күйлері: 15.Құс қайтару; 16.Жем суының тасқыны; 17.Жұртта қалған; 18.Кәрі Ақжелең; 19.Көкіл; 20.Күй шақырғыш Ақжелең.

Тізімдегі барлық күйлер "Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі" антологиясынан алынған.

III.Құрманғазы,Тәттімбет, Қазанғап өмірі мен шығармашылығы бойынша 15 сұрақтық интеллектуалды ойын «Пликерс».

Тест сұрақтарында қолданылатын әдебиеттер:

1) Жұбанов А., Ғасырлар пернесі: Қазақтың халық сазгерлерінің өмірі мен шығармашылығы туралы очерктер. - Алматы: Дайк-Пресс, 2002., 328 б.

2) Қазақ музыкасының тарихы: 2 т.(Құрманғазы ат. Алматы консерваториясы).

Т. І: Қазақ халқының дәстүрлі музыкасы: әншілік және аспаптық / Жауапты ред. Т. Джумалиева, А. Темирбекова - Алматы: Ғылым, 2000., 424 б.

Олимпиада қазылар алқасы ұйымдастырушылардың тағайындалуы бойынша ҚазҰӨУ профессорлары, аға оқытушылары, музыка және өнер мектептерінің педагогтарынан құрылады.

Марапаттау: олимпиада жеңімпаздары Бас жүлде және I, II, III деңгейлі лауреат дипломымен марапатталады.

Ұйымдастыру жарнасы:

Астана қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 6 желтоқсандағы № 107-2630 қаулысына сәйкес олимпиада қатысу жарнасы - 5 000 теңге

Әр-түрлі жағдайлармен олимпиада қатыспаған оқушылардың төлем ақылары қайтарылмайды.

Төлем төмендегі реквизиттармен жүргізіледі:

Астана қаласы әкімдігінің «№1 балалар музыка мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

Желтоқсан көшесі, 36 үй

ЖСН 990540001802

БСК HSBKKZKX

ЖСК KZ816010111000218679 – Ақылы қызметтер шоты.

АҚ «Қазақстан халық банкі»

Бк 16

Төлемді Халық банк мобильді қосымшасымен жасауға да болады!

1.Халық банк мобильді қосымшасын жүктеу; 2. «Платежи»-«Все платежи» бөлімі; 3. «Образование»- «Школы» бөлімі; 4. «ГККП Детская музыкальная школа №1 г. Нур-Султан»; 5.Баланың аты-жөні; 6. «Дополнительное поле» деген жерде *Байқау атауын жазу*; 6. ИИН (баланың); 7. Сомасы; 8. Төлем жасау.

Олимпиада сұрақтары бойынша хабарласу:

Этносольфеджио - Файзулина Жанат Алимовна , 87015168752

Қазақ музыка әдебиетінен Ибрагим Дана Тургуновна, 87021236481.

Қосымша 1

**ЭТНОСОЛЬФЕДЖИО ЖӘНЕ ҚАЗАҚ МУЗЫКА ӘДЕБИЕТІ
ПӘНДЕРІНЕН АЙМАҚТЫҚ ОЛИМПИАДАҒА
ӨТІНІМ**

Оқушының толық аты – жөні	
Туған жылы, күні, айы	
Номинация	
Сыныбы, мамандығы	
Оқу орны, мекен-жайы	
Педагогтің толық аты-жөні	
Байланыс тел, эл.пошта	

Мектеп директоры қолы, мөрі